

## 2006 жылғы 1 мамырдағы<sup>1</sup> банк секторының ағымдағы жағдайы

2006 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша Қазақстанда 34 екінші деңгейдегі банк жұмыс істеуде, оның ішінде Алматы қаласында 28 банк, банктердің 30 филиалы және 184 есеп айырысу-касса бөлімі орналасқан.

Банк секторының құрылымы		01.01.05	01.05.06
1.	Екінші деңгейдегі банктердің саны, оның ішінде:	35	34
	-шетелдің қатысы бар банктер	15	14
	-жарғылық капиталда <sup>2</sup> мемлекеттің 100% қатысы бар – банктер	1	1 <sup>2</sup>
2.	Екінші деңгейдегі банктер филиалдарының саны	385	426
3.	Екінші деңгейдегі банктердің есеп айырысу-касса бөлімдерінің саны	1106	1189
4.	Екінші деңгейдегі банктердің шетелдердегі өкілдіктерінің саны	11	20
5.	Қазақстан Республикасындағы резидент емес банктер өкілдіктерінің саны	18	20
6.	Жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіндегі қатысушы банктер саны	34	33
7.	Кастодиан қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар банктер саны	9	10

**Капитал.** Екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталының жиынтықты есеп айырысу<sup>3</sup> мөлшері ағымдағы жылдың басынан бастап 119,8 млрд. теңгеге (20,4%-ке) ұлғайды және 01.05.06 жылғы жағдай бойынша 707,0 млрд. теңге болды. Бұл ретте, бірінші деңгейдегі капитал 32,4%-тен 487,8 млрд. теңгеге дейін ұлғайды, ал екінші деңгейдегі капитал – 0,3%-ке кеміп, 218,1 млрд. теңгеге дейін азайды.

Меншікті капиталдың динамикасы млрд. теңге	01.01.06	01.05.06	Өсімі %-те
1-ші деңгейдегі капитал	368,4	487,8	32,4
Жарғылық капитал	244,7	277,9	13,6
Қосымша капитал	27,2	27,2	0,0
Өткен жылдардың бөлінбеген таза кірісі	73,3	139,1	89,8
2-ші деңгейдегі капитал	218,7	218,1	-0,3
Бөлінбеген таза кіріс	70,8	27,6	-61,0
Реттелген борыш	184,7	252,6	36,8
Меншікті капитал барлығы	587,2	707,0	20,4

2006 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша банк секторы меншікті капиталының тепе-теңдік көрсеткіштері негізінен өзгерген жоқ және k1 - 0,096 (0,06 нормативі кезінде) (банк үшін қатысушысы банк холдингі болып табылатын нормативі – 0,05), k2 - 0,151 (0,12 нормативі кезінде) болды, (банк үшін қатысушысы банк холдингі болып табылатын нормативі – 0,10).

Меншікті капитал тепе-теңдігінің көрсеткіштері	01.01.06	01.05.06
Бірінші деңгейдегі меншікті капиталдың жиынтық активтерге қатынасы (k1)	0,08	0,10
Тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтерге және баланстан тыс міндеттемелерге меншікті капиталдың қатынасы (k2)	0,15	0,15
Меншікті капиталдың несие портфеліне қатынасы	0,19	0,21
Меншікті капиталдың құрылған провизияларға қатынасы	3,41	3,40
Меншікті капиталдың күмәнді кредиттерге қатынасы	0,48	0,53
Меншікті капиталдың үмітсіз кредиттерге қатынасы	8,57	7,90


**Активтер.** Ағымдағы жылдың басынан бастап банктердің жиынтық активтерінің мөлшері 586,1 млрд. теңгеге (13,0%-ке) ұлғайды және есепті күнге 5 101,2 млрд. теңге болды.

Банк секторының жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы	01.01.06		01.05.06		Өсімі (в %)
	млрд. тенге	жиынтығына %-пен	млрд. тенге	жиынтығына %-пен	
Қолма-қол ақша	88,0	1,9	77,2	1,5	-12,3
Корреспонденттік шоттар	243,2	5,4	249,8	4,9	2,7
Бағалы қағаздар	651,7	14,4	806,2	15,8	23,7
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	345,6	7,7	222,8	4,4	-35,5
Банкаралық заемдар	108,2	2,4	127,7	2,5	18,0
Клиенттерге берілген заемдар	2 953,8	65,4	3 265,1	64,0	10,5
Капиталға инвестиция және реттелген борыштар	26,7	0,6	32,5	0,6	21,7
Негізгі құрал – жабдықтар және материалдық емес активтер	55,8	1,2	62,2	1,2	11,5
Басқа активтер	42,1	0,9	257,7	5,1	512,1
<b>Активтердің барлығы</b>	<b>4 515,1</b>	<b>100,0</b>	<b>5 101,2</b>	<b>100,0</b>	<b>13,0</b>


Банктер активтерінің құрылымында банкаралық (64,0%) бағалы қағаздар портфелі (15,8%), корреспонденттік шоттардан (4,9%) басқа заемдар үлкен үлес алады. Басқа банктерде орналасқан салымдар бойынша шоттардағы қалдықтары - 122,8 млрд.теңгеге немесе 35,5%-ке азайды, клиенттерге берілген заемдар – 311,3 млрд. теңгеге немесе 10,5%-ке ұлғайды және бағалы қағаздар – 154,5 млрд.теңгеге немесе 23,7%-ке ұлғайды.

2006 жылдың басынан бастап жіктелуге жататын активтер мен шартты міндеттемелер мөлшері 738,7 млрд.теңгеден (13,6%-ке) 6 159,8 млрд. теңгеге дейін ұлғайды.

Структура активов банковского сектора по состоянию на 01.01.06г. (%)




Структура активов банковского сектора по состоянию на 01.05.06г.




Сонымен қатар, сапасы бойынша активтер және шартты міндеттемелердің жіктелуінде айтарлықтай өзгерістер болған жоқ. Стандартты активтердің және шартты міндеттемелердің үлес салмағы 73,3%-тен 74,4%-ке дейін ұлғайды, күмәнділер –25,4%-тен 24,1%-ке дейін төмендеді, үмітсіз активтер және шартты міндеттемелер үлесі -1,3%-тен 1,5%-ке дейін ұлғайды.

Активтердің және шартты міндеттемелер сапасының динамикасы	01.01.06		01.05.06	
	негізгі борыш сомасы млрд. тенге	жиынтығына % -пен	негізгі борыш сомасы млрд. тенге	жиынтығына % -пен
<b>Активтер және шартты міндеттемелер барлығы</b>	<b>5 421,1</b>	<b>100</b>	<b>6 159,8</b>	<b>100</b>
<b>Стандартты</b>	<b>3 971,4</b>	<b>73,3</b>	<b>4 584,0</b>	<b>74,4</b>
<b>Күмәнді</b>	<b>1 378,2</b>	<b>25,4</b>	<b>1 481,5</b>	<b>24,1</b>
<i>1 санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	1 132,5	20,9	1 188,9	19,4
<i>2 санатты күмәнді</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	38,8	0,7	74,3	1,2
<i>3 санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	142,6	2,6	123,9	2,0
<i>4 санатты күмәнді</i> - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	28,7	0,5	43,1	0,7
<i>5 санатты күмәнді</i>	35,6	0,7	51,3	0,8
<b>Үмітсіз</b>	<b>71,5</b>	<b>1,3</b>	<b>94,3</b>	<b>1,5</b>

Структура ссудного портфеля по качеству по состоянию на 01.05.06г. (%)



Структура ссудного портфеля по качеству по состоянию на 01.05.06г. (%)



Қаралып отырған кезең ішінде банктердің кредит портфелі құрылымында стандартты кредиттер үлесі 58,2%-тен 58,3%-ке өсті, күмәнді кредиттер үлесі 39,5%-тен 39,1%-ке дейін ұлғайды, ал үмітсіздердің үлесі –2,3%-тен 2,6%-ке дейін ұлғайды.

Несиелік портфель сапасының динамикасы	01.01.06		01.05.06	
	негізгі борыш сомасы млрд. тенге	жиынтығына % -пен	негізгі борыш сомасы млрд. тенге	жиынтығына % -пен
<b>Несиелік портфельдің барлығы</b>	<b>3 062,0</b>	<b>100</b>	<b>3 392,8</b>	<b>100</b>
<b>Стандартты</b>	<b>1 783,2</b>	<b>58,2</b>	<b>1 978,1</b>	<b>58,3</b>
<b>Күмәнді</b>	<b>1 210,3</b>	<b>39,5</b>	<b>1 325,2</b>	<b>39,1</b>
<i>1 санатты күмәнді</i> - төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	985,5	32,2	1059,8	31,2
<i>2 санатты күмәнді</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	34,3	1,1	69,6	2,1
<i>3 санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	129,5	4,2	109,4	3,2
<i>4 санатты күмәнді</i> - төлемдерді кешіктірген немесе уақтылы төлемеген кезде	27,2	0,9	36,9	1,1
<i>5 санатты күмәнді</i>	33,8	1,1	49,5	1,5
<b>Үмітсіздер</b>	<b>68,5</b>	<b>2,3</b>	<b>89,5</b>	<b>2,6</b>

**Міндеттемелер.** 2006 жылғы сәуірде екінші деңгейдегі банктер міндеттемелерінің жалпы сомасы 525,9 млрд.теңгеге (12,9%-ке) ұлғайды және есепті кезеңнің соңына 4 599,3 млрд. теңге болды.


Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар 36,8 млрд. теңгеден 309,8 млрд. теңгеге дейін өсті, бағалы қағаздармен жасалған «РЕПО» операциялары 31,3 млрд. теңгеден 132,2 млрд. теңгеге дейін төмендеді.

Банк секторының жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01.06		01.05.06		Өсімі, % - пен
	млрд. теңге	жиынтық %-пен	млрд. теңге	жиынтық %-пен	
Клиенттер алдындағы міндеттемелер <sup>4</sup>	2 532,9	62,2	2 816,0	61,2	11,2
Банкаралық депозиттер	185,1	4,5	187,5	4,1	1,3
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған заемдар	3,1	0,1	2,8	0,1	-9,7
Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заемдар	26,5	0,7	26,0	0,6	-1,9
Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдар мен басқа банктерден алынған заемдар	576,8	14,2	676,6	14,7	17,3
Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары	163,5	4,0	132,2	2,9	-19,1
Реттелген борыштар	184,7	4,5	252,6	5,5	36,8
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	273,0	6,7	309,8	6,7	13,5
Басқа кредиторлар	71,0	1,7	110,8	2,4	56,1
Басқа міндеттемелер	56,8	1,4	85,0	1,8	49,6
<b>Міндеттемелердің барлығы</b>	<b>4 073,4</b>	<b>100</b>	<b>4 599,3</b>	<b>100</b>	<b>12,9</b>


2006 жылдың басынан бастап клиенттердің салымдары<sup>5</sup> 287,1 млрд.теңгеге немесе 11,4%-ке ұлғайды және 2006 жылғы 1 мамырда 2 810,1 млрд.теңге болды.

2006 жылдың басынан бастап талап етілгенге дейінгі салымдар бойынша қалдықтардың 18,8%-ке ұлғаюы есебінен, жеке тұлғалардың салымдары 12,0%-ке немесе 71,6 млрд.теңгеге көбейді.

Структура обязательств банковского сектора по состоянию на 01.01.2006г. (%)



Структура обязательств банковского сектора по состоянию на 01.05.06г. (%)



млрд. теңге


№	Клиенттердің депозиттері	01.01.06.		01.05.06.		Өсімі %-пен	
		Барлығы	Оның ішінде шет. валютасында	Барлығы	Оның ішінде шет. валютасында	Барлығы	Оның ішінде шет. валютасында
1.	Салымдардың барлығы оның ішінде.:	2 523,0	1 584,3	2 810,1	1 664,0	11,4	5,0
2.	Заңды тұлғалардың салымдары, оның ішінде: Арнайы тағайындалған еншілес ұйымдардың салымдарымен клиенттердің ағымдағы және карт-шоттары	1 926,2	1 299,8	2 141,7	1 398,8	11,2	7,6
	Талап етілгенге дейінгі салымдар	1 319,5	993,7	1 487,5	1 107,6	12,7	11,5
	Мерзімді салымдар	7,3	2,8	9,8	3,8	34,2	35,7
	Шартты	597,0	301,7	641,8	285,8	7,5	-5,3
	Талап ету бойынша салымдар	2,4	1,6	2,6	1,6	8,3	0,0
3.	Жеке тұлғалардың салымдары, оның ішінде: Клиенттердің ағымдағы және карт-шоттары	596,8	284,5	668,4	265,2	12,0	-6,8
	Талап ету бойынша салымдар	83,6	24,8	89,3	20,1	6,8	-18,5
	Мерзімді салымдар	19,7	9,1	23,4	9,7	18,8	6,6
	Шартты	492,7	250,3	554,9	235,0	12,6	-6,1
	Талап ету бойынша салымдар	0,8	0,3	0,8	0,4	0,0	33,3

Өз кезегінде заңды тұлғалардың салымдары 11,2%-ке, оның ішінде мерзімді депозиттер – 7,5% (44,8 млрд. теңгеге) және клиенттердің ағымдағы және карт-шоттары 12,7%-ке (168,0 млрд. теңгеге) өсті, талап ету бойынша салымдар бойынша қаражат сомасы 34,2%-ке ұлғайды.

**Өтімділік.** Ағымдағы жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша банк жүйесінің өтімділік деңгейі жоғары деңгейде сақталды. 2006 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша ағымдағы өтімділіктің жиынтық коэффициенті жеке банк үшін барынша төмен 0,3 нормасы кезде 1,002 болды, қысқа мерзімді өтімділік коэффициенті барынша төмен 0,5 мөлшері кезде – 1,193 болды.

**Кірістілік.** 2006 жылғы 1 мамырдағы екінші деңгейдегі банктер табыс салығын төлегеннен кейін 27,6 млрд. теңге мөлшерінде (2005 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша

Динамика уровня ликвидности банковского сектора



– 15,5 млрд. теңге) жиынтық таза кіріс алды. Кірістердің жиынтық мөлшері 238,4 млрд.

теңге болды (2005 жылғы 1 мамырдағы – 133,0 млрд. теңге), шығыстар – 210,8 млрд. теңге (2005 жылғы 1 мамырдағы – 117,5 млрд. теңге) болды.

Сәуір айында банктер табыс салығын төлегеннен кейін өткен жылдың осындай кезеңіне қарағанда 78,1%-ке көп таза кіріс алды.

Банк секторының кірістілігі, млрд. теңгемен	01.05.05	01.05.06	Өзгеріс (+;-), % - пен
Сыйақы алуға байланысты кірістер	93,3	162,3	74,0
Сыйақы төлеуге байланысты шығыстар	47,0	89,3	90,0
<b>Сыйақы алуға байланысты таза кіріс</b>	<b>46,3</b>	<b>73,0</b>	<b>58,0</b>
Сыйақы алуға байланысты емес кірістер	39,4	75,2	90,9
Сыйақы төлемін жасауға байланысы жоқ шығыстар	68,0	115,5	69,9
<b>Сыйақы алумен байланысы жоқ таза кіріс (шығын)</b>	<b>-28,6</b>	<b>-40,3</b>	<b>40,9</b>
<b>Көзделмеген баптар</b>	<b>0,1</b>	<b>0,7</b>	
Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кіріс	17,8	33,4	87,6
Табыс салығын төлеу жөніндегі шығыстар	2,3	5,8	152,2
Табыс салығы төленгеннен кейінгі таза кіріс	15,5	27,6	78,1

Проценттік кірістер құрылымында клиенттерге берілген заемдар бойынша (86,0% немесе 139,6 млрд. теңге) сыйақыны алуға байланысты кірістер біршама көп үлес алды, ал проценттік шығыстар құрылымында – клиенттердің талаптары бойынша (59,2% немесе 52,9 млрд. теңге) сыйақыны төлеумен байланысты шығыстар орын алады.

Дилингтік операциялар бойынша таза кіріс 6,1 млрд. теңге болды (2005 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша – 3,4 млрд. теңге).

Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің жиынтық активтерге (ROA) қатынасы 0,65% (1.05.05ж. жағдай бойынша – 0,59%) болса, табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің меншікті капиталына (ROE) қатынасы 4,72% болды (01.05.05ж. жағдай бойынша – 4,59%).

Банк секторының кірістілігін сипаттайтын жиынтық көрсеткіштер	01.05.05	01.05.06
Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің жиынтық активтерге қатынасы (ROA)	0,59	0,65
Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің меншікті капиталға қатынасы (ROE)	4,59	4,72
Сыйақы (мүдде) алуға байланысты кірістердің жиынтық активтерге қатынасы	3,10	3,18
Сыйақы (мүдде) алуға байланысты кірістердің жиынтық несие портфелінің кредиттеріне қатынасы	4,03	4,20
Дилингтік операциялар бойынша таза кірістің табыс салығы төленгенге дейінгі таза кіріске қатынасы	19,38	18,27
Сыйақы (мүдде) төлеуге байланысты шығыстардың жиынтық міндеттемелерге қатынасы	1,73	1,94
Жиынтық активтерге резерв жасауға шығыстардың қатынасы	0,78	0,85

**Банк секторының шоғырлануы.** 2006 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 3 ірі банктің банк секторының жиынтық активтеріндегі үлесі 58,8%-тен 55,7%-ке дейін кеміді, 3 ірі банктің банк секторының жиынтық міндеттемелеріндегі үлесі 59,6%-тен 56,2%-ке дейін кеміді.

3 ірі банктің банк секторының жиынтықты несие портфеліндегі кредиттерінің үлесі 58,4% болды.

01.05.06ж. жағдай бойынша 3 ірі банктің үлесіне 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өзгермеген екінші деңгейдегі банктердегі жеке тұлғалар депозиттерінің жалпы көлемінің 59,6%-і келді.

<b>Жиынтық банк секторынан үлес</b>	<b>01.01.06</b>	<b>01.05.06</b>
Үш ірі банктің активтері	58,8	55,7
Үш ірі банктің міндеттемелері	59,6	56,2
Үш ірі банктің меншікті капиталы	56,2	55,6
Үш ірі банктің несие портфелі	60,7	58,4
Үш ірі банк клиенттерінің <sup>5</sup> депозиттері, оның ішінде:	68,1	63,6
- заңды тұлғалардың	70,7	64,8
- жеке тұлғалардың	59,6	59,6

### Экономикадағы банк секторының ролі

<b>Қазақстан экономикасындағы банк секторының ролін сипаттайтын қатысты көрсеткіштер динамикасы</b>	<b>01.01.02</b>	<b>01.01.03</b>	<b>01.01.04</b>	<b>01.01.05</b>	<b>01.01.06</b>	<b>01.05.06</b>
ЖІӨ млрд.тенге	3 250,6	3 747,2	4 449,8	5 542,5	7 300 <sup>6</sup>	8 725 <sup>6</sup>
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %	25,1	30,6	37,7	48,5	61,9	58,5
Несие портфелінің ЖІӨ-ге қатынасы, %	15,9	19,1	24,4	32,7	41,9	38,9
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %	3,8	4,3	5,2	6,3	8,0	8,1
Клиенттер депозиттерінің ЖІӨ-ге қатынасы	15,0	18,6	21,8	29,0	34,6	32,2

<sup>1</sup> - 01.01.06ж. жағдай бойынша ақпарат «Қазақстан Даму Банкі» ЖАҚ деректерін ескермей берілген;

<sup>2</sup> - "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ-ы; "Эксимбанк" ААҚ-ы мемлекеттік үлесті сатып алуды жүзеге асырды.

<sup>3</sup> - уәкілетті орган бекіткен екінші деңгейдегі банктер үшін нормативтік мәндері мен пруденциалдық нормативтердің есептеу әдістемелері туралы Ережеге сәйкес;

<sup>4</sup> - "Арнайы тағайындалған еншілес ұйымдардың салымдары" 2222 шотын ескеріп;

<sup>5</sup> - клиенттердің депозиттері туралы ақпарат клиенттердің ағымдағы шоттарын ескере отырып берілген;

<sup>6</sup> - 2006 жылғы болжам деректері.